

"Республикалық инновациялық қор" жабық акционерлік қоғамын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 20 тамыз N 1215

Қазақстан Республикасында инновациялық қызметті дамыту, инновациялық жұмыстардың қайтарымдық қаржыландыру тетіктерін іске асыру және ғылыми сыйымды өндірістер құруға жәрдемдесу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жарғылық капиталына мемлекеттің 100 проценттік қатысуымен "Республикалық инновациялық қор" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Инновациялық қор) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен бірлесіп қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) Инновациялық қордың жарғылық капиталын айлық есепті көрсеткіштің 1000 еселік мөлшерінің шегінде, технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми-техникалық бағдарламаларды жүргізуге 2000 жылға арналған республикалық бюджетте қарастырылған қаржының есебінен қалыптастырсын;

2) Инновациялық қордың Жарғысын бекітіп, тіркеуден өткізсін;

3) Инновациялық қордың негізгі міндеттері мыналар болып белгіленсін: инновациялық қызметті дамыту және қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысу; инновациялық бағдарламаларды қайтарымдық негізде мақсатты қаржыландыру; ғылыми-техникалық кәсіпкерлік пен инновациялық қызметті дамыту үшін жағдай жасау, ғылыми-техникалық өнімдер рыногын қалыптастыру.

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.05.26. N 796 қаулысымен. Р 0 0 0 7 9 6 _

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне Инновациялық қорға жарғысында айқындалған өз функцияларына сәйкес банктік операциялардың жеке түрлерін жүргізуге белгіленген тәртіппен лицензия беру ұсынылсын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) Алматы қаласының әкімімен және Қазақстан Республикасының

Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен бірлесіп Инновациялық қорды орналастыру туралы мәселені шешетін болсын және оған беру үшін ұсынылатын жылжымайтын мүліктің тізбесін айқындасын;

2)

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.05.26. N 796
қаулысымен.

P000796_

5. "Қазақ КСР инновациялық қоры туралы" Қазақ КСР Министрлер
Кабинетінің 1991 жылғы 30 наурыздағы N 211 қаулысының күші жойылды деп
танылсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.